

**«Мемлекеттік шығармашылық тапсырысты іске асыру дирекциясы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
қызметкерлер арасында өткен жедел кеңес
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

2024 жыл 11 наурыз

Өткізу орны: «Мемлекеттік шығармашылық тапсырысты іске асыру дирекциясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Төрағалық етуші: мекеменің басшысы Е.Қ.Жалғас

Баяндамашы мекеменің COMPLAINT-офицері Б.Ө.Төреханов

Хатшы: Д.Мұхтар

Қатысқандар: мекеменің барлық қызметкерлері

Қатыспағандар: жоқ

Төрағалық етішу сағат 13:00-да жедел кеңесті ашық деп жариялап, қатысушыларды күн тәртібімен таныстырды.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Мекеменің COMPLAINT-офицері Б.Ө.Төрехановпен бірге ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңын талқылау.
2. «ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» жарлығымен танысу және талқылау.
3. Мекеменің COMPLAINT-офицері Б.Ө.Төрехановтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясатымен танысу және талқылау.
4. Мекеменің COMPLAINT-офицері Б.Ө.Төрехановтың мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу саясатымен танысу және талқылау.
5. Астана қаласы бойынша тексеру комиссиясының мемлекеттік шығармашылық тапсырысты іске асыру бойынша қорытындысымен танысу және талқылау.

ШЕШТІ:

1. Барлық қызметкерлер мекеменің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясатымен, мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу саясатымен танысу парағы арқылы таныстырылсын. **Орындаушы – А.С.Туружанова.**


2. Өнім берушілер мен ваучерлер санының өзектілігіне жүйелі түрде талдау жүргізілсін.

3. Өнім берушілердің табельдері, актілері мен электрондық шот-фактураларын қарау мәселесі келесі тәртіппен жүргізілсін:

- Өнім берушілердің табельдері мен орындалған жұмыстар актісілерін (ОЖА) сәйкестікке тексеру **мекеменің өнім берушілермен жұмыс бөлімі** жауапты.
- Өнім берушілердің электрондық шот-фактураларын сәйкестікке тексеру **мекеменің қаржы бөлімі (есепші)** жауапты.

Төрағалық етуші

Хатшы

Two handwritten signatures in blue ink. The top signature is more stylized and elongated, while the bottom signature is more compact and rounded.

Е.Қ.Жалғас

Д.Мұхтар